

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№289

2018 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы туралы» ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қ.І.Сарсембайдың хабарламасы назарға алынсын.

2. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасы» ММ (Қ.І.Сарсембай) ұсынылсын:

1) Ақтөбе облысында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және агробизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

2) минералдық тыңайтқыштарды және зиянды организмдерді химиялық өңдеу құнын субсидиялау бойынша қаражат бөлуде тұрақты негізде мемлекеттік қолдау көрсету;

3) сүт қабылдау бекеттерін, сүт және ет өнімдерін тасымалдау үшін техника сатып алу, мал сою цехтарын құру, сондай-ақ мал шаруашылықтары жайылымдарын суландыру құдықтары үшін ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған инвестициялық субсидияларды уақытылы беру;

4) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өсімдік майын, жеміс-көкөніс консервілерін, сүт өнімдерін, сүзбе, сары май және шұжық өндіру бойынша басым өнімдердің тамақ өнеркәсібі өндірісін күшейту жұмыстарын жүргізу;

5) жұмыс істеп тұрған сүт, ет өңдеуші, май-тоң саласы кәсіпорындарының және жемістер мен көкөністерді консервілеу ұйымдарының қуаттылығын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

6) мыналар бойынша жұмыстарды жандандыру:

- агроөнеркәсіптік кешен саласына инвестиция және банктерден несиелер тарту;

- ауыл шаруашылығы кешені өндірісінің қалыптасуы мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту, оларды жаңғырту және халықаралық сапа менеджменті жүйесіне көшу үшін жағдай жасау;

- сүт, ет (құс, сиыр еті, қой еті және шошқа еті), құрама жем және жем-шөп өндіру бойынша мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының күшеюі үшін жағдай жасау;

- азық-түлік қауіпсіздігінің, өнім бағасы мен нарықтың, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешеннің дайындаушы ұйымдарының қызметінің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу;

- жайылымдарды ұтымды пайдалану және олардың тозуы мен шөлейттенуіне қарсы күрес бойынша іс-шаралар өткізу;

- отандық тұқым өндірушілермен іске асырылатын, бірінші, екінші және үшінші көбейтілетін тұқымның құнын арзандатуды қамтамасыз ету;

- шығарылатын өнімнің түр-түрі бойынша облыс орталығында, облыстық көрмелер, жәрмеңкелер өткізу.

3. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасы» ММ (Қ.І.Сарсембай) ұсынылсын:

- 1) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- 2) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға бөлінген қаражатты уақытылы және толық игеру;

- 3) ауыл шаруашылығы өндірісінің қажетті инфрақұрылымын құру, сақтау, бастапқы қайта өңдеу, тасымалдау және ауыл шаруашылығы өнімдерін сату бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қолданылатын мемлекеттік қолдау шараларын жандандыру;

- 4) көктемгі-дала жұмыстарын уақытылы және сапалы өткізу мақсатында ауыл шаруашылығы техникасын дайындау және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отының уақытылы бөлу бойынша шаралар қабылдау;

- 5) шағын несие беру бағдарламаларына қатысулары үшін табысы төмен тұлғаларды анықтау;

- 6) ауылдық елді мекендерде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша Жоспарларды әзірлеу және бекіту;

- 7) олардың ұсыну шарттарына сәйкес жайылымдарды ұтымды пайдалану, жайылым айналымы схемасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ветеринария саласындағы өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша іс-шараларды өткізу туралы жайылым пайдаланушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- 8) мыналар бойынша белсенді шаралар қабылдау:

- жарамды жерлерді егістік үшін, әсіресе топырағы құнарлы аудандарда ауыспалы егіске енгізу, қайтарымды жерлер есебінен егістік алаңын ұлғайту;

- егіс алқаптарын әртараптандыру, құрғақшылыққа төзімді, нарықта жоғары сұранысқа ие дәнді дақылдардың сорттарын көбейту;

- дәнді дақылдарды өндіру, оның ішінде, минералдық және органикалық тыңайтқыштар мен гербицидтерді пайдалану кезінде агротехнология талаптарын сақтау;

- несиелеу, лизинг және инвестициялық субсидиялау бағдарламалары арқылы ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту;

- мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің төмендеуіне жол бермеу мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы есебінен мал басын арттыру.

4. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасы» ММ (Қ.І.Сарсембай) «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (Л.А.Уразбаева) бірге, агроөнеркәсіптік кешен мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру бойынша жұмысты күшейту ұсынылсын.

5. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылық басқармасы» ММ (Қ.І.Сарсембай) «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ (Б.О.Елеусінова) бірге, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру ұсынылсын.

6. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау Қоры» АҚ және «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ мыналар бойынша жұмысты жандандыру ұсынылсын:

1) жаппай кәсіпкерлікті дамыту, «Кең дала» және «Агробизнес-2020» бағдарламалары бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаржыландыру;

2) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің несиелік қаражат алуларына ұйымдастырушылық-құқықтық көмек көрсету.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А. БОЛАТОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА